

«6D070300 – Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ізденуші Тусупова Камшат Бакытжановнаның «Кластерлі экономикалық жүйелерді басқару әдістерін өңдеу» тақырыбына жазылған диссертациясына ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының бас ғылыми қызметкері Мазакөв Талғат Жакуповичтің

СЫН – ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Тусупова Камшаттың диссертациялық жұмысы секторлы экономикада теңдестірілген өсімді қамтамасыз ететін және еңбек пен инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді жүзеге асыратын «Секторлар арасында еңбек және инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді модельдеу және жоспарлау» модулін өңдеуге бағытталған.

Ақпараттық жүйелердің бүгінгі таңдағы жетістіктеріне қарамастан нарықтық экономикада өндірістің бәсекелестік қабілетін арттыру және оны дамытуды жоспарлауда тиімді үлестіру есебін шешу және осындай функцияларды жүзеге асыратын алгоритмдерді өңдеу өте күрделі. Бұндай проблеманы шешуде – экономика салаларындағы әрбір тиімді басқару есебі үшін жекеленген есептеу алгоритмдерін өңдеу және осы алгоритмді жүзеге асыратын программалық жабдықтарды тұрғызуды жүзеге асыру қажет. Яғни, секторлы экономиканың тиімді басқару есебін шешуге негізделген жүйені немесе модульді тұрғызу үшін, осы жүйеде жұмыс жасай алатын, теориялық немесе алгоритм тұрғысынан жаңа әдісті беретін икемді функцияларды өңдеу бүгінгі таңда күрделі проблема.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертацияда ізденушінің мақсаттап қойған есептері сәйкесінше кезең-кезеңімен қарастырылып шешілген. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер:

1. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында экономика салаларын басқарудың ақпараттық жүйесі үшін «Секторлар арасында еңбек және инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді модельдеу және жоспарлау» модулі өңделген;

2. «Секторлар арасында еңбек және инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді модельдеу және жоспарлау» модулі базасында кластердің үш секторлы экономикалық моделі үшін синтездеуші басқаруларды тұрғызу алгоритмдері ұсынылған және өңделген. Атап айтсақ:

– Ақырлы уақыт интервалында, сызықты теңдеулер жүйесімен және басқару параметрлері шектеулерсіз берілген кластердің үш секторлы экономикалық моделі үшін синтездеуші басқаруды іздеу алгоритмі өңделген;

– Ақырлы уақыт интервалында, сызықты теңдеулер жүйесімен және басқару параметрлері шектеулермен берілген кластердің үш секторлы

экономикалық моделі үшін синтездеуші басқаруды іздеу алгоритмі өңделген;

– Ақырлы уақыт интервалында, сызықты емес теңдеулер жүйесімен және басқару параметрлері шектеулермен берілген кластердің үш секторлы экономикалық моделі үшін синтездеуші басқаруды іздеу алгоритмі өңделген;

– Шексіз уақыт интервалында, сызықты емес теңдеулер жүйесімен және басқару мәндері шектеулермен берілген кластердің үш секторлы экономикалық моделі үшін тиімді тұрақтандыруды іздеу алгоритмі өңделген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Диссертациялық жұмыста берілген және қорғауға шығарылатын жағдайлар жаңа және сенімді ғылыми нәтижелер болып табылады.

Зерттеу жұмысының қарастырылып отырған мәселелер бойынша ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының нақтылығы шетелдік және отандық басылымдарда жарияланғандығымен расталады. Жұмыстың негізгі қағидалары, сөзсіз, теориялық және практикалық жағынан маңызды.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертациялық жұмыстың жаңалылығы кластердің үш секторлы экономикалық моделіндегі басқару параметрлерінің шектеулермен берілуі және зерттеу жұмысында қарастырылып отырған есептер класы үшін сандық есептеулердің көмегімен тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін экономика салаларын басқарудың ақпараттық жүйесі үшін «Секторлар арасында еңбек және инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді модельдеу және жоспарлау» модулінің ұсынылуы.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында құрылған экономика салаларын басқарудың ақпараттық жүйесі үшін «Секторлар арасында еңбек және инвестиция ресурстарын тиімді үлестіруді модельдеу және жоспарлау» модулі – ел экономикасының теңгерімді өсуін қамтамасыз етуде шектеулі ресурстарды тиімді үлестіру үшін қажетті автоматтандырылған құрал болмақ, ал алынған теориялық нәтижелер кластерлік экономиканы жоспарлау мен модельдеуде ғылымға қосқан үлес болмақ.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертация нәтижелері 20 мақала мен тезис беттерінде жарыққа шыққан, соның ішінде: 3 мақала ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған журналдарында, 4 ғылыми мақала Scopus және Thomson Reuters базаларында және 13 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарық көрді, сондай-ақ нәтижелері рейтингтік ғылыми журналдар мен ғылыми конференцияларда апробацияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертацияның негізгі кезеңдерінің орындалуындағы бірізділік пен құрылымы ғылыми зерттеулердің логикасына, оның мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертация нәтижелерінің ішкі үйлесімділігі сақталған.

Дегенмен, жұмысқа келесідей ескертулер бар:

1) Диссертацияның 1.4 бөлімінде квазисызықтандыру әдісінің жинақтылығы зерттелмеген;

2) Қазіргі таңда экономикалық жүйелер ғылым мен техниканың жетістіктері өндіріс процесіне айтарлықтай әсер ететін жағдайда жұмыс істейді. Сонымен қатар, елдер арасындағы тауар алмасу және халықаралық экономикалық қатынастардың дамуы да маңызды. Осыған байланысты, диссертацияда қолданылған үш секторлы экономиканың математикалық моделіне қатысты келесідей ескертулер бар:

а) Жұмыста, секторлардың өндірістік функциялары $X_i = A_i K^{\alpha_i} L^{1-\alpha_i}$, ($i=0,1,2$) түріндегі Кобб – Дуглас функциясымен сипатталған модель зерттелінген. Бұндай өндірістік функциялар негізгі қорлар мен еңбек ресурстарының көлемін ұлғайту арқылы ғана экономиканы дамытудың «экстенсивті» тәсілдерін сипаттайды, яғни ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) өндіріс процесіне әсерін ескермейді. Осыған байланысты, жұмыста ҒТП-ті өндірісті өсіру факторларының бірі ретінде ескеретін өндірістік функцияларды қолдануға болатын еді;

б) Сонымен қатар, сыртқы сауданы ескеретін экономиканың ашық моделін қарастыруға болатын еді.

Аталмыш ескертулер жұмысты әрі қарай жетілдіруге нұсқаулық ретінде көрсетілген және олар диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді. Диссертациялық жұмыс толық түрде аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылады.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

«Кластерлі экономикалық жүйелерді басқару әдістерін өңдеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс-толық түрде аяқталған және ҚР БҒМ-нің «Ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы» талаптарына толық сай келеді, ал жұмыстың авторы Тусупова Камшат Бакытжановна «6D070300 - Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

ф.-м.ғ.д., профессор,

ҚР БҒМ ҒК

Ақпараттық және есептеуіш
технологиялар институтының
бас ғылыми қызметкері



T. J. Mazaqov

Т.Ж. Мазаков

ҚУӘЛАНДЫРАМЫН
ҚБ АҒА ИНСПЕКТОРЫ
УДОСТОВЕРЯЮ
СТ. ИНСПЕКТОР ОҚ

[Signature]